

Кімге: Аудан әкімшілігіне, жергілікті әкімшілікке, жұмыспен қамту орталығы, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган, мешітте имамдар
Аты-жөні, лауазымы: Бағатов Жандос Канатович Алакөл ауданыдық сотының аға сот приставы
Күні:12.10.2024

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Қазақстан Республикасында ажырасу мәселесі
Кілт сөздер: Отбасы, Балалар, Махаббат, Ұрпақ

Кіріспе. Отбасы дегеніміздің өзі некеден, туыстық қатынастан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құрылымдар мен міндеттерге байланысты, және отбасы қатынастарды нығайту мен адамның өте маңызды, өте жауапты жанұясы, себебі отбасы адамға батық, толық мәнді тыныс-тіршілік әкеледі. Отбасы қоғамдық құрылымның кіші тобы. Қоғамның негізгі мақсаты адамдарды бақытты ету, ал мұның өзі отбасының басты міндеті. Отбасы қалыптасуымен бірге пайда болады. Отбасының дербестігі болғанымен бірақ отбасылық қатынастар қоғам мен оның дамуы мен тікелей байланысты.

Ер мен әйел отбасының екі іргетасы, бұл іргетас некеге тұрумен құрылады. Отбасы некеге қарағанда күрделі жүйе, себебі ол жұбайларды ғана емес сонымен қатар олардың балаларына, ата-анасын және басқа да туыстарын біріктіреді. Отбасының маңызы оның атқаратын қызметі арқылы анықталады. Отбасының ең маңызды мәселелерінің, қызметтерінің бірі бала туу. Бұл жағдай біздің елімізде ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Яғни халықтың санын көбейту үшін кем дегенде төрт бала керек.

Ал отбасылар бала санына байланысты 4-ке бөлінеді

1. көп балалы отбасы 3 баладан жоғары
2. орташа 2 балалы
3. бір баласы бар
4. баласы жоқ

Отбасылық қайшылықтардың тууының негізгі екі себебі бар:

1. ішкі
2. сыртқы

Ішкі себептерге; махаббат, эмоциялық сезім, қамқорлық, ауызбіршілік т.б жатады.

Сыртқы себептерге: Тұрғын үй, табыс, әдет-ғұрып, ұлттық ерекшеліктер т.б жатады.



Сурет-1
Алыпқашу ескірген дәстүр

Осыған дейін дәстүрлі қазақ отбасында ажырасу деген мүлдем болмаған. Жастар ауыл ақсақалдары мен үлкендерінің сөзін жерге тастамаған. Олар бұзығын тыйып, ақылын айтып, отбасындағы жөнсіз ұрыс-керісті болдырмай, өздері бәрін реттеп отырған. Сол себепті ажырасу деген мүлдем болмаған. Отбасы және неке мәселесін зерттеп жүрген этнограф Аманжол Қалыш ажырасу өткен ғасырдың 40-50 жылдары кең етек жая бастады дейді. Егер 1950 жылдары әрбір жүзінші отбасы ажырасса, 1980 жылдары әрбір төртінші, 1990 жылдары әрбір үшінші отбасында ерлі-зайыптылардың жолдары екі айырылатын болған. 2000 жылдары тіркелген 90 873 некенің 27 391-і бұзылған. Ал он бір жыл араға салып қарасақ, 2011 жылы үйленген 160 517 жұптың 44 928-і ажырасқан. Бұл, әсіресе Қарағанды, Павлодар мен солтүстікте, шығыс және орталық аймақтарда қатты белең алған [1]. Ол жақтың тұрғындары үшін ажырасу қалыпты жағдай болып кеткен. Ал отбасы тұрақсыздығы ажырасуға алып келеді. Мысалы отбасының сыртқы себептерінен көптеген ажырасулар туып жатады. Айталық отбасының материалдық жағдайына байланысты немесе баспанасы болмаған жағдайда не болмаса жұбайлардың екеуі де жұмыссыз болса, яғни отбасының қажеттілігін қамтамасыз ете алмаған кезде ажырасулар

болады. Елімізде отбасы құда түсу арқылы отбасы құрылады немесе басып алып қашудың нәтижесінде отбасы құрылады. Осындай жағдайда құрылған отбасылар қазіргі кезде көп жағдайда ұзаққа шыдамайды. Бұл әдет ғұрыпқа байланысты отбасының сыртқы себептерінен туындаған ажырасудың бір түрі. Ажырасудың себептері көп. Бірақ басты себептері не деген сауалға нақты жауап табу қиын. Біз осы сауалға жауап табу үшін отандық психологтардың әр уақыттарда келтірген деректерін, пікірлерін ой таразысына салып көрдік, шама-шарқымызша зерттеп-зерделедік. Қорыта келе ел ішінде жиі кездесетін бірқатар себептерді іріктеп алдық. Бір перзенттің болмауы. Адамның отбасы құрғандағы басты мақсаты - ұрпақ өсіру, артына із қалдыру, бала тәрбиелеу, оның қызығын көру. Бұл қазақ ұлтына тән мінез, тән қалау. Оның үстіне, ұлттық мінезіміз бен менталитетіміз бөлек. Сондықтан біздің елде «балалы үй - базар, баласыз үй - қу мазар» саналады. Міне, осыдан келіп не үшін жаңа жанұя құрған жұптың бірінің бедеулігі ажырасуға себеп болатынын түсіну қиын емес. Түсінбеушілік немесе мінездің жараспауы. Түсінбеушілік неден туындайды? Ол екі жастың асығыс отбасын құру туралы шешім қабылдауынан, бір-бірін жете танып-білмеуінен туындайды. Оған себеп - үйленгенге дейін көңіл қосып, қазіргі тілмен айтқанда жүріп жүргенде өздерінің шынайы бет-бейнесін, мінезін көрсетпеуі, өздерінің болашақ жары қандай болғанын қалайтынын ашық жеткізбеуі. Нәпсіқұмарлықтың кесірі. Ер адамдарда араққа, құмар ойындарына, нашаға, одан қалса жүріс жүруге әуестік басым. Бұлар - әйелдің сабырын түбі бір тауысатын жаман әдеттер. Ішімдікке салынған ер адам дүние мүлкін саудалап, үйден берекені қашырады. Бұдан кейін әйелдің ажырсудан басқа амалы қалмайды. Алайда, осындай жағдайлар ішінара әйелдер арасында да кездеседі. Бұл отбасы екі жаққа бөліп тынады. Тұрмыс тауқыметі. «Ажырасуларыңызға не себеп болды?» деген сұраққа әйелдердің көбі: «Күйеуім табыс таппады, жатып ішер, жалқау», - деп жауап беретіні түрлі сауалнамалардан мәлім. Егер, ер адам отбасын құруға, бір жанұяны асырауға дайын болмай, соқыр сезіммен, желікпен үйленер болса, оның ақыры - ажырасуға соқтырып жатады. Себебі, әйел жаратылысынан ер адамнан қамқорлық пен мейірім күтеді. Арқа сүйер ер-азамат іздейді. Сол сенім үдесінен шыға білу ләзім. Осы аталған алты себептен бөлек те көптеген себептер бар. Олардың қатарына кінәсін мойындамау, тәкаппарлық, қырсықтық, кекшілдік, ата-енелердің қытымырлығы, өз қалауымен қосылмау, алып-қашу салдары, екі жастың арасына үшінші біреудің от салуы, орынсыз өсек-аяңның кесірі, бір-біріне сенбеу сынды себептерді атауға болады. Ал отбасының ішкі себептерге байланысты ажырасуы яғни ауызбіршіліктің болмауы, бір-біріне деген сезімнің болмауы, махабаттың болмауы, Жұбайлардың бір-бірін сүймеуі, түсінбеуі, сыйламауына байланысты ажырасулар туындайды[2]

Қазақ отбасында ажырасу үйреншікті жағдайға айналып келе жатыр? Қоғамда өршіп тұрған мәселенің бірі – ажырасу. Себебі Қазақстанда әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталады. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, өткен жылы елімізде 128 800-ден астам шаңырақ көтерілсе, 22 500-ден астам отбасылық жұп айырылысып кеткен. Ал биылғы екі айда 19591 неке қиылса, осы аралықта оның 3 мыңға жуығы заңды түрде бұзылған. Бірақ тіркелген ажырасуға қатысты бұл деректерге күдікпен де қарауға болады. Өйткені елімізде өтірік ажырасатындар да аз емес.

Заман дамып, өзгерген сайын адамдардың, жалпы қоғамның көзқарасы мен құндылықтарға деген қарым-қатынасы ӨЗГЕРЕДІ. Бұл-бұлтартпас шындық, факті. Себебі заманға сай адам психологиясы өзгереді, бір қалыпта тұрмайды. «Адам өзгермейді дегеннің тілін кесем» деген емес па еді хәкім Абай? [5]. Демек, адамның қарым-қатынасқа деген көзқарасы өзгереді. Ал біздің менталитетімізге отбасы құндылықтарын бірінші орынға қою, отбасы ұйытқысын сақтау сынды нәрселер сіңіп, ата-баба дәстүрі мен салты бойынша «ажырасу» ұғымы – табу-ға айналған. Осыдан біраз жыл бұрын ажырасуға бару – үлкен күнә, қылмыс, яки болмаса ерсі қылық ретінде қабылданды. Гендерлік құқық заңнамасы қабылданған соң, әйелдер құқығы қоғамда айқын көрініс таба бастағаннан кейін ажырасу фактісі де көптеп тіркеле бастаған. Оның себебі- әйелдердің өз-өздерін қамтамасыз ете алатындай дәрежеге жетуі [4].

Қортынды. Отбасы тыныштығын сақтау ердің де әйелдің де міндеті. Осы жауапкершілікті сезіне отырып, ерлі-зайыптылар әрдайым бір-біріне рухани және материалдық жағынан қолдау көрсетулері тиіс. Қиындықтарға тап болған жағдайларда сезім жетегінде кетіп қалмай, салқынқандылық танып, сабырмен шыдамдылық қажет. Демек, адамның қарым-қатынасқа деген көзқарасы өзгереді. Біздің менталитетімізге отбасы құндылықтарын бірінші орынға қою, отбасы ұйытқысын сақтау сынды нәрселер сіңіп, ата-баба дәстүрі мен салты бойынша «ажырасу» ұғымы – табу-ға айналған. Осыдан біраз жыл бұрын ажырасуға бару – үлкен күнә, қылмыс, яки болмаса ерсі қылық ретінде қабылданды. Гендерлік құқық заңнамасы қабылданған соң, әйелдер құқығы қоғамда айқын көрініс таба бастағаннан кейін ажырасу фактісі де көптеп тіркеле бастаған. Оның себебі- әйелдердің өз-өздерін қамтамасыз ете алатындай дәрежеге жетуі. [3]

Ажырасудың алдын алу мақсатында ұсынымдар:

Менің өз ойым бойынша ажырасудың алдын алу мақсатында жас отбасына мемлекет жағына көп көмек көрсету қажет деп есептеймін мысалға: жұмыссыздақ, үй, үй салатын жер, қаржылай көмек, тегін психолог көмегін корсету. Осы мәселені аудан әкімшілігіне, жергілікті әкімшілікке, жұмыспен қамту орталығы, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган, мешітте имамдар ажырасудың алдын алу шараларын жасаса көп қыйыншылықтың алдын алуға болар еді. Жас отбасының

үйі, тұрақты жұмыстары, тұрақты мекен майы, имами түсінік, аптасына бірлет психолог көмегін алып отырса жастардын ортасында ешқандай дау туындамайды деп сенемін. Өз сөзімді мақалмен аяқтағым келеді: Жақсы әйел жаман еркекті ер қылады, Жаман еркек жақсы әйелді жер қылады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. <https://kaz.nur.kz/>
2. <https://massaget.kz/>
3. Әлемде әрбір 13 секунд сайын бір отбасы ажырасады https://search.app/?link=https%3A%2F%2Fqamshy%2Ekz%2Farticle%2F26727%2Dneke%2Ddgane%2Dotbasy%2Dadgyrasudynh%2Dsebepteri%2Dmen%2Dony%2Daldyn%2Dalu&utm_campaign=57165%2Dor%2Digacx%2Dweb%2Dshrbtn%2Diga%2Dsharing&utm_source=igadl%2Cigatpdl%2Csh%2Fx%2Fgs%2Fm%2F5
4. <https://aqtobegazeti.kz/?p=101001> Бибігүл БИМАНОВА, «Ақто'бе» телеарнасының шеф-редакторы
5. <https://rep.ksu.kz/bitstream/handle/data/10686/%D0%BA%D0%BE%D0%BD-377-380.pdf?sequence=1&isAllowed=y>